

**Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 17/7-04 "Аудан көлемінде елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын жер салық ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 37/11-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 14-14-140 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы № 9/9-05 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 05.11.2012 N 9/9-05 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш Т І :**

1. "Аудан көлемінде елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын жер салық ставкалары туралы" Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 17/7-04 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-14-74 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 30 сәуірдегі "Шамшырақ" газетінің № 35-36 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 381-бабында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын".

2. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы А.Меңлібеков*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С.Қалдықөзов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК